12 ТДМ міндеттері

12.1 Барлық елдердің қатысуымен тұтыну мен өндірістің тиімді үлгілерін пайдалануға көше бойынша Он жылдық стратегияны жүзеге асыру, бұл орайда, оны ең алдымен дамыған елдер дамушы елдердің дамуына мен әлеуетін ескере отырып, бастауы тиіс

12.2 2030 жылға дейін табиғи қорларды оңтайлы игеру мен тиімді пайдалануға қол жеткізу

12.3 2030 жылға қарай жеке және тұтынушылық деңгейлердегі тағам қалдықтарының бүкіләлемдік мөлшерін халықтың жан басына қайта есептегенде екі есеге қысқарту және өндіру-өткізу тізбектеріндегі азық-түлік шығындарын, соның ішінде түсімді жинаудан кейінгі шығындарды азайту

12.4 2020 жылға қарай халықаралық келісілген қағидаттарға сәйкес химиялық заттар мен барлық қалдықтарды олардың тіршілік кезеңінің барысында экологиялық оңтайлы пайдалануға қол жеткізу және олардың адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға деген жағымсыз әсерін мейлінше қысқарту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа түсуін барынша қысқарту

12.5 2030 жылға қарай қалдықтардың пайда болуының алдын алу, оларды қысқарту, қайта өңдеу және қайта пайдалану бойынша шаралар қолдану арқылы қалдықтар көлемін едәуір қысқарту

12.6 Компанияларға, әсіресе ірі әрі трансұлттық компанияларға өндірістің тұрақты әдістерін қолдануды және өз есептерінде ресурстарды оңтайлы пайдалану туралы ақпаратты көрсетуді ұсыну

12.7 Ұлттық стратегиялар мен басымдылықтарға сәйкес мемлекеттік сатып алулардың тұрақты тәжірибесін қамтамасыз етуге жәрдемдесу

12.8 2030 жылға дейін бүкіл әлемдегі адамдар тұрақты даму және табиғатпен үйлесімде өмір сүру салты туралы сәйкес ақпарат пен мәліметтер алуын қамтамасыз ету

12.a Тұтыну мен өндірістің анағұрлым оңтайлы үлгілеріне көшу үшін дамушы елдерге олардың ғылыми-техникалық әлеуетін өсіруде көмек көрсету

12.b Жұмыс орындарын ашыға, жергілікті мәдениетті дамытуға және жергілікті өнім өндірісіне ықпал ететін тұрақты туризмнің тұрақты дамуға тигізетін әсеріне мониторинг жүргізу құралдарын әзірлеу және енгізу

12.c Ұлттық талаптарды ескере отырып, нарықтық диспорцияларды жою арқылы, соның ішінде салық салуды қайта ұйымдастыру және зиянды субсидиялар қолданылатын жерден олардың экологиялық салдарын есепке алу үшін олардан бас тарту арқылы, дамушы елдердің айрықша қажеттіліктері мен жағдайларын толығымен назарға ала отырып және халықтың мұқтаж және әлсіз топтарының мүдделерін қорғайтындай деңгейде олардың дамуына кері ықпал ететін ықтимал жағымсыз салдарын мейлінше қысқарта отырып, қазба отынның бейберекет тұтынылуына алып келетін, әрі тиімсіздігімен ерекшеленетін қазба отынды пайдалануға бөлінетін субсидияның ұтымдылығын арттыру

Қазақстанда келесі міндеттер қабылданды: 12.3, 12.4, 12.5, 12.6

ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE QAZAQSTAN